

**"Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы**

Күшін жойған

Жамбыл облысы Қордай аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 125 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 мамырда № 2640 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 419 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай ауданының әкімдігінің 15.12.2016 № 419 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес Қордай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қоса беріліп отырған "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

"Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Саниязовке жүктелсін.

Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Досаев

"Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік саласында мемлекеттік басқару және бақылау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі және мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Мекеменің заңды орналасқан жері: пошталық индексі 080400, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай ауылы, Төле би көшесі, үй № 106.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

11. Осы ереже "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметі жергілікті бюджеттен қаржыландырылады.

13. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

Егер "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

- кәсіпкерлік саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

15. Міндеттері:

1) аймақтық деңгейде кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту бойынша мемлекеттік стратегия шараларын жүзеге асыру;

2) шағын және орта бизнесті дамыту бойынша аудандық саясатты жүргізу, мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың қызметін үйлестіру, қоғамдық бірлестіктердің шағын кәсіпкерлік мәселелерін шешуде, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау аясындағы заңнамалар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерге мониторинг және талдау жүргізуін қамтамасыздандыру;

3) кәсіпкерлік және өнеркәсіп жүйесіндегі кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруға ықпал ету.

4) "Бизнестің жол картасы 2020" бағдарламасын орындау бойынша жұмыстар жүргізу:

5) шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау сұрақтары бойынша

кәсіпкерлер ассоциациясымен, бизнес-орталықтармен, басқа мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдармен өзара әрекеттестік ету;

6) шағын және орта кәсіпкерлік сұрақтары бойынша форумдар, жиналыстар мен семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

7) өнеркәсіп саласындағы кәсіпорындарда жаңа жұмыс орындарына мониторинг жүргізу;

8) облыстық жиналыстарға, семинарларға және форумдарға қатысу;

9) сауда және қызмет көрсету саласында мемлекеттік саясатты орындауды жүзеге асыруға қатысу;

10) тауарларды өндіру және сатуға қолайлы жағдай жасау, сауда қызметтер мен қызмет көрсету саласын дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

11) сауданы дамыту үшін сауда көрмелерін, жәрмеңкелерін және басқа да іс-шаралар дайындап, оларды өткізуге қатысу;

12) мемлекеттік статистика мекемелерінің мәліметтеріне сүйене отырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шектік көрсеткіштері бар ағымдағы бөлшек бағаларға салыстырмалы талдау жасау.

16. Функциялары:

1) коммуналдық мемлекеттік мекемені ұстауға қажет (шығын жоспарын) сметаны бекітеді;

2) коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген мүліктің сақталуына және тиімді пайдалануына бақылауды жүзеге асырады;

3) аудан аумағында кәсіпкерлік қызмет пен инвестициялық ахуалды дамыту үшін жағдай жасайды;

4) бәсекеге қабілетті тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің отандық өндірісін дамыту үшін жағдай жасайды;

5) заңнамамен бекітілген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

17. Құқықтары:

Бөлім өз функцияларын және жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) мемлекеттік органдарға, қоғамдық және басқа да мекемелерге, бұқаралық ақпараттық құралдарға ақпараттық-талдау құжаттарын өз құзыреті шегінде дайындауға және ұсынуға;

2) өз құзырының шегінде білім мекемелерден, жергілікті атқарушы органдардан, кәсіпорындардан, ұйымдардан және басқа да мекемелерден ақпараттар мен құжаттарға ресми сұрау салуға және оларды алуға құқылы;

3) өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша, кәсіпкерлердің, өнеркәсіп мекемелерінің жұмысын үйлестіреді.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттерін орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Аудан Әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттілігі:

- мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - барлық органдарда мекеме мүддесін қорғайды;
 - өз қызметкерлерінің құзырын белгілейді;
 - мекеме мүлкіне қожалық етеді, келісім жасайды, сенімхаттар береді;
 - банкіде есеп шоттар ашады, іс бойынша келісім жасайды;
 - барлық жұмыскерлерге міндетті болып табылатын бұйрықтар шығарады және тапсырмалар береді;
 - мекеме жұмыскерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;
 - жұмыскерлерді марапаттайды және шара қолданады;
 - мекеменің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;
 - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы қимыл жасауға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауап береді;
 - Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша мекеме өзі мемлекеттік басқару органы болып табылатын өзінің ведомстволық бағынысындағы мемлекеттік мекеме, заңды тұлға не бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мемлекеттік басқару органы болып табылатын заңды тұлғамен аффилигирленген тұлға үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады;
 - заңдылықпен және осы ережемен жүктелген басқа да міндеттерді атқарады.
- "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезінде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі мемлекетпен берілген мүлкіктен және ол негізгі қордан және айналымдағы қаражаттан, сондай ақ құны мекеменің дербес балансында көрсетілген бағалы заттардан құралады.

22. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бекітілген мүлкі коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, өзіне бекітілген мүлкікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлкікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.